

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ




- Баланың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту.
- Жыл мезгілдерін ажырата білу.
- Сөздік қорын байыту.
- Қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру.

Қаратал ауданының №3 «психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ-нің олигофренопедагогі А.А.Сейсебекова

Психологиялық әзірлік

- Табиғат атты ананың,
- Бой жеткен төрт қызы бар.
- Көркі де солар даланың,
- Ісіне адам қызығар.
- Қыс, көктем, жаз бен күз атты.
- Қыздары өсіп бой жетті.
- Төртеуін жылға ұзатты,
- Төрт үй боп бесік тербетті.

Жыл мезгілдерін ата




Жұмбақтың шешімін тап.

- Біреу әйнек ойыпті
- Біреу есік қойыпты.
- Өздеріне шақ қана,
- Соғып жатыр аққала




Жұмбақты шеш. Шешімі болған суретке сипатама бер.

- Берекесін сыйлауға.
- Жемістерін жинауға.
- Қызыл құрман ойнайтын.
- Қай мезгіл деп ойлайсың?




Жұмбақты шеш. Шешімі болған суретке сипатама бер.

- Сай салаға қашады.
- Бүршік шашып
- Жапырақ ашып
- Гүл, бәйшешек басады.
- Бұл қай кезде болады



Жұмбақты шеш. Шешімі болған суретке сипатама бер.

- Қойын тойып жеміске
- Көк майсалы еңіске
- Көбелек қуып ойнайтын,
- Қай мезгіл деп ойлайсың?



Күз.

Жаздан кейін күз келеді. Ағаш, бұта жапырақтары сарғаяды, қызарып түсе бастайды. Аспанда жиі бұлт торлап, жауын жауады. Жаңбыр жаздағыдай жылы емес, ұсақ және суық. Күз басында жылы күндер көп болады, күн қыздырады, гүлзарда да гүлдер өседі. Бұл кезді Алтын күн деп атайды. Жан-жақтың бәрі әдемі. Күн суыта бастағанда, құстар жылы жаққа ұшып кете бастайды. Жануарларда қысқа дайындықтарын бастайды. Кейбір жануарлар ұйықтауға дайындалады (аю, кірпі), басқалары жүндерінің түстерін өзгертеді (қоян, тиін), үшіншілері қысқа азық жинайды (тиін). Күзде бақшада көкөністі, бақта жемістерді жинайды. Адамдар да жылы киініп, отын жинайды және үйлерін жылылайды. Балалар бірінші қыркүйекте мектепке келеді. Олар жазда не істегендерің еске түсіреді.

КҮЗ АЙЛАРЫ

ҚЫРКҮЙЕК

Балалар
1-ші қыркүйекте
қайда барады?


ҚАЗАН

Қазан айында
жапрақтар
қандай болады?

ҚАРАША

Қараша айында
ауа райы
қалай өзгереді?


Күз айларына сәйкес суреттерін көрсет. Оларға сипаттама бер.



Жомарт күз деп неге айтады?




Алтын күз деп неге айтады?



Қол өнері. Асқабақтан жасап көр.



Қол өнері



ҚЫС

Күзден кейін қыс мезгілі басталады. Суық жел соғып, қар жауады. Азя басталады. Өзен, көл суларының беті қатып қалады. Қар жауып, жел соққан кезде боран тұрады. Аяқ астындағы қар сықырлайды. Терезеге керемет әдемі оюлар салады. Адамдар далада көп жүрмейді, себебі, аяз адамның құлағын, бетін, мұрының үсітуі мүмкін. Ағаштар жаланаш тұрады. Бірақ ағаштар қыстада тірі. Айналадағы үйлердің төбесі қар жамылып, ағаш бұтақтарына қырау турады. Жануарларға қыста тамақ тауып жеу онай емес. Сондықтан құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Балалардың қысқы ойындары: шаңғы, коньки тебу, шанада сырғанау, аққала жасау.

ҚЫС АЙЛАРЫ

ЖЕЛТОҚСАН

Сәлем,
Жаңа жыл!

ҚАҢТАР

Балалар қысқы
демалысқа
шығады.

АҚПАН

Қарлы, аязды,
боранды.

Суреттерге сипатама бер.



Қыстың ерекшеліктерін ата.



Мына екі суретте қанша айырмашылығы бар екен табындар!



Графикалық редактор "PAINT" пайдаланып өзің бояп ал



Көктем

Қыстан кейін көктем келеді. Күн жерді қыздыра түсті. Ағаштардың бұтағы бүршік жарады. Тебіндеп көк шықты, жылы құстар келе бастады. Өзен сулары сарқырап ағуда. Аспан ашық, көгілдір. Кейде күн бұлттанып, көктемнің жылы жауыны жауады. Жылы жел соғады. Көктем басында күн ұзарып, түн қысқарады. Бұл кезде жыл құстарының ұшып келуі, көктемнің келуін дәлелдегендей. Алғашқы көктем гүлдері жауқазындар мен інжугүлдер гүлдей бастайды. Бақта жеміс ағаштары: өрік, шие, алма, алмұрт гүлдейді. Көктемде тракторлар жерді жыртып, тұқым себеді. Көктемде бақта жұмыс көп. Ағаштардың сынған, құраған бұтақтарын кеседі, гүлдерді отырғызады. Адамдар бақшада көкеніс егеді.

Көктем АЙЛАРЫ

НАУРЫЗ

Наурыз-жыл басы!

СӘУІР

Көктем гүлдері!

МАМЫР

Ұлы Жеңіс
Күні!

Көктемнің бірінші ерекшеліктері: қара торғайдың ұшып келуі және бәйшешектің қарды жарып шығуы.



Көктем келді! Сылдырлап су ағып жатыр. Жеміс ағаштары әр түрлі гүл ашқан. Айнала түгел әсем.



Наурыз-жыл басы, көктем мейрамы. Наурыз мерекесінде наурыз көже дайындалады, дастархан жайылады. Наурызда алтыбақан құрылады, ән салынып, би биленеді. Әр түрлі ойындар ойналады. Наурыз мерекесінде “Ұлыс оң болсын!”, “Ақ мол болсын!” деген тілектер айтылып, бата беріледі.



Көктем гүлдердің ішінде қызғалдақтар тобы ерекше көзге түседі.
Солардың бірнеше түрлері Қазақстанның Қызыл кітабына
енгізілген. Қызғалдақтар-қыр гүлдері!



Көктемде алғашқы гүлдерге қысқы ұйқыдан оянған жәндіктер де қуанады. Ара, көбелек, шегірткелер гүлден гүлге ұшып-қонып, гүлдің хош иісімен, тозаңдарымен қоректенеді.



Дұрыс жауапты таңда.

- Көктем – бұл сәуір, мамыр, наурыз, маусым айлары.
- Көктемде – қар жауады, ағаш жапырақтары түседі, күн қыздырады, қараторғайдың балапандары шықты, ағаштар гүлдейді.
- Көктемде – адамдар бақшажа жеміс жинайды, көбелек, шыбын және қоңыздар пайда болады.

ЖАЗ

Көктемнен кейін жаз басталады. Жазжа күн ерте шығады, күн ұзарып, түн қысқарады. Далада жылы, тіпті ыстық. Жылы жаңбыр жауады, кейде күн күркірейді аспанда кемпірқосан пайда болады. Адамдар шөп шауып кептірді. Орманда жидектер мен саңырауқұлақтар өседі. Жазда жәндіктер өте көп. Көбелектер ұшып, аралар ызылдайды. Бақта, бақшада жұмыс көп, өсімдіктерді шөптейді, түптейді және суарады. Жазда балаларға өте көңілді. Оларда жазғы демалыста. Балалар өте көңілді дем алуға тырысады. Оқу алдында күш жинайды.

ЖАЗ АЙЛАРЫ

МАУСЫМ

1-ші маусым –
халықаралық
балаларды
Қорғау күні!

ШІЛДЕ

6 - ші шілде
Астана күні!

ТАМЫЗ

Жайдары жаз



Бүкіл әлемде 1-ші маусым Халықаралық балаларды қорғау күні!

6-ші шілде Астана күні!



Елордамыз Астана
Қазақстанның жүрегі.
Ару қала, жас қала.
Еліміздің тірегі.
Зәулі үйлер қаншама,
Сағат сайын өсуде.
Көрген адам тамсанар,
Бәйтерек пен Есілге.
Астананың аспаны,
Көк туымен құлпырар.
Білім құмар жастары,
Болашаққа ұмытылар.

Жазғы демалыс! Жазда қалай дем алуға болады суреттерге қарап айт.



Жұмбақтарды шеш.

Жаңбыр жауды жерімді,
Көкте өрмек керілді.
(кемпірқосақ)

Жұпар иісі өседі,
Жайнап бақта өседі.
Қайсы әріптен басталған,
Аты не , кім шешеді?
(гүл)

Көңіл аударғандарыңызға рахмет!

